



**ПРОФЕССОР
СӘМЕН ОРАЗҒАЛИҰЛЫ
ҚҰЛБАРАҚ**

ТАРАЗ 2023



**ПРОФЕССОР
СӘМЕН ОРАЗҒАЛИҰЛЫ
ҚҰЛБАРАҚ**

Филология ғылымдарының докторы, профессор, ғалым —
ұстаз, «Дулатитану және өңір тарихы» ғылыми-зерттеу
орталығының бас ғылыми қызметкері, «Ғылымға
сіңірген еңбегі үшін», «Облысқа сіңірген еңбегі үшін»
төсбелгілерінің иегері, облыстық ономастикалық
комиссияның мүшесі,
Аймақтық менеджмент академиясының академигі.

ББК 91.9:83.3(5Каз)
Қ 74

Профессор С.О. Құлбараққа арналған биобиблиографиялық көрсеткіш/ Құраст. Болысбаева Р.Н. – М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті. Кітапханалық-ақпараттық орталық.-Тараз, 2023. – 45 бет.



Басылымға жауапты:
Кітапханалық – ақпараттық
орталық директоры

Иржанова Г.Ж.

Құраст.библиограф:

Болысбаева Р.Н.

Мазмұны

1. Алғы сөз	6
2. Филология ғылымдарының докторы, профессор С.О.Құлбарақтың өмірі мен ғылыми - педагогикалық қызметінің негізгі кезеңдері	7
3. Ғалым жолы (ой-толғаныстар)	9
4. Ғылым мен білім беру жолында профессор Сәмен Оразғалиұлының марапаттары	18
5. Фотошежіре	23
6. Профессор С.О.Құлбарақтың ғылыми еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші	26
7. Профессор С.О.Құлбарақтың ғылыми мақалалары	
8. Электронды ресурстары.	38
9. Профессор С.О.Құлбарақтың баспасөз бетінде жарияланған мақалаларының хронологиялық көрсеткіші	39
10. Профессор С.О.Құлбарақтың жетекшілігімен қорғалған магистрлік диссертациялар	42

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған көрсеткіш М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті ғалымдарының биобиблиографиясы сериясының жалғасы.

Көрсеткіште филология ғылымдарының докторы, профессор, Аймақтық менеджмент академиясының академигі, облыстық Ономастикалық комиссияның мүшесі, «Дулатитану және өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының бас ғылыми қызметкері, ғалым – ұстаз Сәмен Оразғалиұлы Құлбараққа арналады.

Биобиблиографияға ғалымның өмірі мен еңбек жолын сипаттайтын мәліметтер, оның ғылыми еңбектерінің тізімі енгізілген.

Көрсеткіштегі мәліметтер хронологиялық тәртіппен орналасқан.

Биобиблиографиялық көрсеткіш университет студенттеріне, магистранттар мен оқытушыларына арналады.

«Диссертация маған ұнады. Автор өз шығармасы туралы ойлағанда, ең алдымен, жетпей жатқан жағын ойлайды. Ал барына онша ой жүгірте қоймайды. Сол себептен де болар, осы диссертацияны оқығанда, өзімнің драматургиямның сырына терең үңіліп, өз жазғандарымды өзім жаңадан танығандай болдым. Диссертацияның басты құндылығы да осындай сипатында болса керек».

Халық жазушысы Т. Ахтановтың
Ғылыми ізденуші С.О.Құлбарақтың
«Т. Ахтановтың драматургиясы»
диссертациялық жұмысы туралы пікірі.

**ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР
СӘМЕН ОРАЗҒАЛИҰЛЫ ҚҰЛБАРАҚТЫҢ
ӨМІРІ МЕН ҒЫЛЫМИ -
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ**

Құлбарақ Сәмен Оразғалиұлы 1956 жылы Қызылорда облысы Арал қаласында дүниеге келген. 1963-1973 жылдары Арал қаласындағы №86, №220 қазақ орта мектебінде оқыды. 1973-1977 жылдары Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі бөлімінде оқыды. 1977-1988 жылдары Арал ауданындағы Қаратерең орта мектебінде, Арал қаласындағы №177 қазақ орта мектебінде, Қосжар орталау мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. 1988 жылы отбасы жағдайымен байланысты Жамбыл қаласына көшіп келіп, Завод ауданы оқу бөлімінде әдіскер, Жаңа Жамбыл фосфор заводының «Фосфорщик» көптиражды газетінде қазақ тілі бөлімі редактордың орынбасары, Жамбыл ауданы Жасөркендегі М.Әуезов орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі жұмысында болды.

1991 жылдан осы уақытқа дейін Жамбыл педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында оқытушы, Жамбыл университеті, кейін М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде кафедра меңгерушісі, Жамбыл облысы Әкімдігі ішкі саясат басқармасы директорының орынбасары, Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ Жамбыл бөлімшесінде

кафедра меңгерушісі, факультет деканы, Жамбыл гуманитарлық-техникалық университетінде факультет деканы, ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде кафедра меңгерушісі, «Дулатитану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры қызметтерін атқарды. 1994 жылы ҚР ҰҒА М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесінде «Т. Ахтанов драматургиясы» тақырыбында (ғылыми жетекшісі профессор М. Атымұмов) кандидаттық диссертация, 2006 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ғылыми кеңесінде «Т. Ахтановтың жазушылық шеберлігі (прозасы бойынша)» тақырыбында (ғылыми кеңесшісі, академик Р. Нұрғали) филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алуы бойынша докторлық диссертациясын қорғады. 2011 жылдан әдебиеттану ғылымының профессоры. 2 филология ғылымдары кандидатын дайындады.

Автордың 2 оқу құралы, 2 монографиясы, 4 әдебиеттану мәселелеріне арналған кітаптары жарық көрді. 110 томдық «Тараз мұралары» көптомдығы құрастырушыларының бірі.

«Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалімен (2016), ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің Құрмет грамотасымен (2018), ҚР Президентінің Алғыс хатымен (2019), ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым министрінің Алғысымен (2021) марапатталды.

Жамбыл облысының, Тараз қаласының, университеттің қоғамдық жұмыстарына белсене қатысады. Облыстық ономастикалық комиссияның мүшесі.

Жұбайы Қазантаева Светлана Райымбекқызы көп жылдар бойы ұстаздық қызметте болды, қазір зейнеткер. Үлкен ұлы Сейдеғали мектепте тарих пәнінің мұғалімі, келіні Айгул балабақшада тәрбиеші. Кіші ұлы Еркеғали Астанада ҚР Парламентінде қызметкер, келіні Меруерт бала күтімінде. Қызы Ұлпан Сәменқызы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің докторанты, М.Х. Дулати университеті хабаршысында қызмет жасайды. 7 немересі бар.

ҒАЛЫМ ЖОЛЫ (Ой-толғаныстар)

1. ҒЫЛЫМҒА ҚАДАМ. ПРОФЕССОР МЕКЕРИЯ АТЫМОВ

Кімнің-кімнің де ғылымға келу жолы әр түрлі. Біреулері жоғары оқу орнын бітіре сала ғылымға келеді. Енді бірі біраз уақыт өмір тәжірибесінен өтіп барып, ғылым есігін ашады. Қалай деген де ғылымға келетін адамның бойында құштарлық, табиғи талант болу керек деп білемін.

Менің ғылымға келу жолым – жоғары оқу орнын бітірген соң, 11-12 жыл шамасында болған екен. 1977 жылы қарашаңырақ – Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетін бітіріп, елге тартып отырдық. Жаман болған жоқпыз. Қызылорда облысы Арал ауданына қарасты Қосжар елді мекенінде орталау мектеп ашылып, сол мектептің алғашқы мұғалімдері болдық. Мұғалімдері деген сөздің мәні бар. Жұбайым – Светлана Райымбекқызы, ол да институтта бірге оқыған қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі еді. Адам өмірі кезең-кезеңнен тұрады десек, шалқыған Қамбаш көлі жағасындағы Қосжарда өткен жылдарымыз – бақытты кезіміз болды.

Бірақ мені әдебиетке, ғылымға деген құштарлық билеп алғанды.

Иә, мақтанғаным емес – институтты бітіре сала ғылыммен айналысып кетуге мүмкіндік болды. Профессор Хасен Әдібаевтан қазіргі қазақ повестері жөнінде курстық жұмыс жазу жөнінде тапсырма алғанмын. Оралхан Бөкейдің «Мұзтау», тағы басқа екі автордың повестері жөнінде жаздым. Курстық жұмыс көңілінен шықты-ау деймін, кафедраға шақырып, біраз пікірлескені бар. Кейін бір-екі рет үйінде де болдым. Біраз тапсырмалар берді, шама шарқымша орындап жүрдім. Диплом жұмысына «М. Мақатаевтың лирикасы» тақырыбын ұсынды. Бұл – 1976 жыл. Мұқағалидың қайтыс болған жылы. Арда ақын туралы аңыз студенттер арасында қызу жүріп жататын. Шындығы керек, қазіргі уақыттағыдай Мұқағали ақын туралы материалдар жоқ. Ә. Кекілбаевтың «Дәуірмен бетпе-бет» кітабында ақынның «Қарлығашым, келдің бе?» жыр жинағына жазылған кең көлемді мақаласы бар. Әбіш мақаласы – шіркін, шалқыған теңіз ғой. Қалам қарымы, ақын өлеңдерінің табиғатын тану тереңдігі – тек Әбіш әлеміне тән эстетикалық-аналитикалық дүниетаным. Екінші табан тіреген мақала – абыз ақын Әбділда Тәжібаевтың ақынның қайтыс болуына орай жазылып, «Лениншіл жас» газетінде жарияланған «Көшеді өлең, немесе өшеді өлең» атты аза-толғанысы. Әбділда ақын жан-жүректің шерін төге отырып,

Мұқағали ақынның шығармашылығына талдау жасап, жоғары бағасын берген. Қазақ поэзиясында Қасым Аманжоловтан кейінгі екінші құбылыс деп бағалаған бірінші Әбділда ақын еді. Осы екі мақала Мұқағали ақын жөніндегі диплом жұмысымның қазығы болды. Шама-шарқымша жаздым, керемет еді деп айта алмаймын. Бірақ ақиық ақын жөніндегі алғашқы ғылыми жұмыстың басы болды-ау деп қазір ойлаймын. Бұл да менің пешенеме жазылған ерекше нәсіп шығар.

Институт бітірер алдында профессор Хасен Әдібаев кафедраға шақырды. «Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының мынандай бөлмесіне барасын, мынандай кісіге жолығасын, сен жөнінде айтып қойдым, жұмысқа қабылдайды» деді. Оқуды бітіріп жатқан кезімізде бір жайсыз оқиға болып, топтың студент жігіттері күнде, кейде күнара тергеуге барып жүрдік. Тергеу бізді әбден ығыр етті. Ертеңгісінгі 9-да шақырады, тергеуші сағат 11-12-де қабылдайды. Ананымынаны айтып қайтарып жібереді, ертеңіне тағы сол – 9-да шақырып, екі-үш сағат байлап қояды. Ақыры мазамыз кетті. Ел қатарлы салтанатты жағдайда дипломымызды да ала алмадық. Алматыда қалмақ түгілі, тұра қашқандай күй кештік. Оның бер жағында Алматыда үй жоқ, күй жоқ. Арқа тірейтін аға-бауыр жоқ. Алыстағы Аралым, әке-шешемнің қасы – жұмақ болып сезілді. Сөйтіп, студент жігіттер, қыздар туған ел-жерімізге қайтып жаттық. Қадыр ақын айтпақшы, «бір елдің басшысындай» бір-бірімізді қимай, пойызға шығарып саламыз.

Алматының «жыры» осымен тамамдалып, ауылға келдік. Кеңестік кезеңнің артықшылығы сол – жұмысқа тұрдық, жағдайымыз жаман болмады. Бірақ қалай дегенде, әдебиетке, ғылымға деген құштарлық көңілде бәрібір қоздап жатты.

Арада екі-үш жыл салып, Алматыға, қарт ҚазПИ-ге бардым. Профессор Серік Қирабаевтың қабылдауында болдым. Ол кезде ағайымыз – институттың проректоры еді. «Ағай, - дедім, - ғылыммен айналысқым келеді», - деп ағымнан жарылдым. Үміт еттім. Шыны керек, басқа жағдайлар болды ма, оншалықты ыңғай білдірмеді. Лекциясын құмартып тыңдайтынбыз. XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы әдебиеттен лекция оқыды. Лекция сұрақтары жазылған емтихан билеті тәрізді тілік қағазды алдына қоятын да дәрісін бастайды. Содан Сәкен әлемі... Бейімбет дарыны... Ілиястың ақындық қуаты... Жарықшақ үнді, бірқалыпты даусымен тың әлемге бастайды. Қажетті тұста Сәкеннің өлеңі түйдек-түйдегімен ағытылады. Бейімбеттің ақындық шеберлігін, өлеңдеріндегі диалог қуатын,

заман шындығын алдыға жайып салады. Ілияс поэзиясының кез-келген тұсынан ұзақ-ұзақ үзінділер оқылады. Сол ағайымыз сессия емтиханы кезінде қызық мінез көрсеткен. Жауабы ұнамаған студенттерге қабағы салқын тартып, есеп кітапшасын алдына лақтырып жіберетін. Жақтырмағанның, көңілі толмағанның белгісі. Ал студенттің жауабы көңілінен шықса, оны әңгімеге тартып, сұрақ-жауаппен біраз пікірлесетін. Емтиханда ағаймен біраз «пікірлесіп» шықтым. Менің ыңғайыма орай, қазіргі қазақ повестерінің сұрақ болып келмесі бар ма? О.Бөкеевтің «Мұзтау» повесіндегі Ақтанды біраз әңгімеледім. Байлық іздеп мұз құрсауына түскен Ақтан арқан үзіліп кетіп, көк мұздың ортасында қалғанда, аяқ астында жатқан алтын ыдыс-аяқтар, әшекейлер керексіз болып қалады. Ажал сәті төніп тұр. Жарық сәуле түсіп тұрған биіктегі үңгір аузы жеткізбейді. Жалаңқат көк мұзда табан тірейтін тірек жоқ. Мұз үңгірде мұз болып қатып өлік жатыр. Кім бейшара екен? Дүниеге қызығып түсіп, мұз қапты-ау. Енді Ақтанның кері мынау... Автордың философиясы осында деймін қызуланып. Ағайым риза көңілде секілді. Кейін қазақ әдебиетінің мықты сыншысы болып танылған, бізден әлдеқайда ересек, армияға барып келген Әбдіғұлов Рафат екеуміз «бестік» алғанымыз бар. Міне, сол ағай салқын қабақтанып ыңғай білдірмей отыр. Алматыдан алыстағы Аралға мүжіліп, еңсем түсіп қайттым.

Бұдан кейін де Алматыға талай мәрте барған шығармын-ау, есімде жоқ. 1988 жылы Қосжардан Жамбылға көшіп келдім. Көңілімде ұшқын тағы да жарқ етті. Алматы мынау, тиіп тұрған жер. Түн пойызға мініп, күндіз Алматыда болып, түн қайтып ораласың. Бұдан артық не керек.

Жолым түсіп, академияға, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына бардым. Еңселі ғимарат. Тып-тыныш. Бөгде адамдар жоқ. Әр есіктің сыртқы жазуын оқимын. Мұнда жұмыс істейтін адамдар – тым ерекше адамдар болып сезіледі. Емін-еркін емен есікті ашып-жабуға батылым жетер емес. Әр есікті алдында толқып біраз тұрамын. Батылымды жиып, есікті енді тартып қалғанымда, кей есік жабық тұрады. Одан келесі есікке барамын. «Қазақ әдебиеті» деген жазуы бар есікті ашқанымда, бөлменің төр жағында бір адам отыр екен. Есікті аштым да, иә кірерімді, иә есікті жабырымды білмей, состиып тұрып қалдым.

- Кел, кел, бала, - деді биязы, жұмсақ үн.

- Иә, жайша жүрсің бе? – деді.

- Ғылыммен айналысқым келеді, тақырып алайын деп едім, - деймін баяғы. Тәкаппарлығы жоқ жұмсақ үн баурап алды. Жетім баланың басын

сипағандай көңілім елжіреді. Шындығы керек, маған кім болса да, ғылыми тақырып алу аса қажет болатын.

- Мен Мекерия Атымов деген аға боламын, ғылым докторы, профессор, - деді өзін таныстырып. Содан әдебиеттің арғы-бергі жайы туралы сұрай бастады. Сөзінің аяғында:

- Қандай тақырып аласың? – деді.

- Маған бәрібір, - деймін. – Тақырып берсеңіз болды.

Тағы да біраз әңгіме тарқатып, бір уақытта айналып келіп:

- Жазушы Тахауи Ахтановтың прозасы жөнінде тақырып алсаң, қалай болады? – дегені.

- Аламын, - дедім. Іштей тақырыптың төбесі көрінгеніне қуандым. Маған бәрібір тәрізді. Қандай тақырып болса да, қопарып ала жөнелетін секілдімін. Мен асыққанмен, Мекерия ағам асықпады. Тік қайырылған бурыл шашын бір сипап қойып, шарасы кең, жасаураған, жиектері қызарған қой көзімен қарап, ойланып қалды.

- Бала, онда саған бір-екі ай уақыт беремін, Ахтановтың романдарын оқып, 30 беттің көлемінде реферат жазып келесің, - деді. – Сосын көрерміз...

Бір жарым айдың шамасында Ахтановтың прозасы бойынша реферат дайындап, ағаның алдына тағы бардым. Бір қызығы тағы оңаша жолығыстық. Апырай, осы академия қандай зәулім, кең болғанмен, сапырылысып жатқан адамды байқамайсың. Әр есікті ашып қалсаң, еңселі бөлмеде бір-екі адам отырады.

Жарты сағаттың көлемінде рефератты қарады. Ақыры, бір шешімге келді-ау деймін:

- Айдың аяғында өндірістік кеңес болады, соған кел, Т. Ахтановтың прозасы бойынша тақырып бекітеміз, қарсылық болса, басқа қосымша тақырып ойластырамыз, - деді. Құба-құп. Іштей бір күш, арман пайда болды. Не болса да, бір тақырыпқа іліксем екен-ау болды ішкі түйсігім.

Институттың директоры профессор Серік Қирабаев ағайымыз екен. Өндірістік жиналыстың соңына қарай, тақырып бекіту мәселесін қарастырды. Өңкей ығай мен сығай, әдебиеттану ғылымының корифейлері.

Мекерия аға мені қысқаша таныстыра келіп:

- Жазушы Тахауи Ахтановтың прозасы деген тақырыпты алсақ деп едік, - деп мән-жайды баяндады. Кеңес төрағасына жақын столда отырған академик М. Қаратаев даусын шығарар-шығармас күңк етті.

- Менің аспирантым Тахауи прзасынан диссертация жазып жатыр, - деді.

Кеңес мүшелері үнсіз қалды. Маңдаймыз тасқа соғылғандай есеңгіредік. Мекерия ағаның қан асуы бар екен, бар қаны лап етіп бетіне тепті. Тіпті байқадым, қолы да еріксіз селкілдеп кеткендей. Әлден соң, өзіне келді. Бәсең, қажыңқы үнмен:

- Біз онда Тахауи Ахтановтың драматургиясын аламыз, - деді.

Кеңес мүшелері қолдады. Тақырып бекітілді. Мекерия ағам қалбалақтап, орнынан әзер тұрып, есікке беттеді. Қолтықтап алып, таксиге мінгізіп, үйіне шығарып салдым.

Мекерия ағам менің! Сол кезде қан тасуы күшейіп, ауырыңқырап жүрген кезі екен. Сырттай тып-тыныш, еңселі ғимараттың адамдары арасында психологиялық тартыстың күштілігін айтпаса да, сезіндім. Сондай психологиялық күйзелістің бір жағында Мекерия аға да жүрген тәрізді. 1994 жылдың қаңтарында кандидаттық диссертацияны қорғағанда, қорғау жұмысына қатыса алмады.

Профессор Мекерия Атымов мені ғылым жолына алып шықты. Ол кісі шын мәнінде ғалым, таза жүректі адам еді. «Қазақ романдарының поэтикасы» еңбегі кейін менің зерттеу жұмысымның темірқазығы болды. «Идея және композиция», «Ақ Жайық» және «Қан мен тер» романдарының стильдік ерекшеліктері», «Академик Қажым Жұмалиев», «М.О. Әуезовтің «Абай жолы» романының поэтикасы», «Шындық және шығарма» монографиялары ұлттық әдебиеттану ғылымына сүбелі үлес болып қосылды. 1994 жылы дүниеден озды. Сүйегі өзінің туған жері Маңқыстау облысы Шетпедегі ата-баба зиратына қойылған. Шетпедегі бір мектеп ғалым есімімен аталады.

Рухың пейіште шалқысын, қадірлі аға! Мені ғылым жолына бастап шыққан алғашқы «Ақ кемем»!

2. ТАХАУИ АХТАНОВ БИГІ

Халық жазушысы, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көрнекті жазушы, драматург Тахауи Ахтановтың туғанына биыл 100 жыл болады. Әрине, әдебиеттен, көркем шығармадан алыстап бара жатқан бүгінгі ұрпақ Ахтановты қаншалықты дәрежеде біледі дегенге кесімді жауап айту қиын болар. Бірақ кешегі бір уақыттарда – қалың көпшілік әдебиетті құлшына оқитын кезде Т. Ахтановтың прозасы қолдан түспей оқылатын.

Күні кешеге дейін пьесалары, әсіресе «Ант» трагедиясы мен «Күшік күйеу» комедиясы театр сахналарынан түспейтін.

Менің ғылымдағы жолым осы жазушымен түйіскеніне өзімді бақытты сезінемін. 1973-1977 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетінде оқығанда, жазушылардың үлкен жиынына Жазушылар одағына студенттер болып барып тұратынбыз. Сондай бір жазушылар одағына барған сәтімде Тахауи ағаның мінберде тұрып сөйлегеніне тәнті болғаным бар. Қағазсыз, шешен тілмен, әдебиеттің өткір мәселелерін қозғап, кеңінен сөйлеген. Залдағы дүйім жұртшылық тым-тырыс. Екпінді, ашық үн бәрін билеп алғандай. Тахаң сөйлеп болып, сахнадағы алқалы топтың жанынан орын алғанда барып, зал дүр етті. Төбе би болып отырған Ғабит Мүсіреповтен бастап аға жазушылар риза болғандай, бастарын изеп, құрмет білдірісіп жатты. Осы көрініске ұқсас жай кейін ақын, сыншы Сейфолла Оспановтың тарапынан суреттелді.

«...Менің таңқалғаным, тып-тыныш жатқан ақ шулан шаштың кенет сөз сөйлеген сайын бірте-бірте күдерлене көтеріліп, ең жоғарғы кульминациясына барғанда, шаштың да өз-өзінен желкілдеп қайдағы бір сағымды пырақтың көкке шаншылған жалындай айбаттанып, қайраттанып сала бергені болды. Аузындағы шешендік отты сөз бен басындағы ақшулан шаштың ұласқан құдыреті күмбезді көкірегіндегі көмбені көтеріп жатқандай әсер тастады. Зал тып-тыныш, шыбынның ызыңдағаны естілмейді. Елдің бәрі сол бір шырқыраған шындықтың отты лебіне тұншығып қалғандай. Осы қалып қашан Тахаңның мінберден түскеніне дейін ұсталды да, кенет ду қол шапалақтау залды басына көтеріп кетті. Әр жерден «қайран, Тахаңдаған» дауыстар шығып жатты. Бағанағы әрқайсысы таяқтай боп көтерілген ақшулан шаш та бірте-бірте өз қалпына түсіп, төрде отырған әрқайсысы бір-бір пайғамбар шалдардың бір шетіне барып отыра кетті. Олар да мәз болғандай отырған орындарынан сәл қозғалақтап, өз ризалықтарын бірінен соң бірі бас шайқап білдіріп жатыр... Тахаңның алғаш рет құдыретілігін қатты сезгенім осы болды», - дейді қаламгер.

Бұл шамасы Т. Ахтановтың 50-дің үстіндегі кезі. Арада 20 жылдың үстінде уақыт салып, әйгілі жазушымен кездесу мүмкіндігі болды. Профессор Мекерия Атымовтың жетекшілігімен «Т. Ахтановтың драматургиясы» тақырыбында кандидаттық диссертацияны дайындап жүрген кезім. Әрі-бері ойлана келе автормен байланыс жасауым керек деген шешімге келгенмін. Біріншіден, жазушының шығармасын автордан артық білетін адам жоқ. Оның айтқан сөздері диссертацияны тереңдетуге, қайбір

тұстарын қайта ойлауға негіз болуы мүмкін. Екіншіден, диссертация қорғауда арқа сүйейтін мықты тірегің болуы қажет тәрізді. Отыздың үстіндегі кезім, тәуекелшілдігім басым болып, Алматыға барған бір күнімде хабарласып, Шевченко-Фурманов көшесінің қиылысындағы үшінші, әлде төртінші қабаттағы пәтеріне бардым.

Жазушы жылы қабылдады. 70-ке келіп қалған кезі. Біраз сырқаттанып жүр екен. Бір кездегі кейін қайырылған қайратты шашы бурыл тартып, сирей бастаған. Жып-жинақы, ықшам денелі жұбайы Гүлшара апай құйып берген қызылкүрең шайды балмен баптап ішіп отырды. «Мен хаттарына ғашық болдым... Боратып жазған махаббат хаттарымен Тахауи менің жүрегімді жаулап алды ғой. Оның үстіне ол жас кезінде сұлу да сымбатты болды» деп айтатын Гүлшара апай ғой бұл. Шай ішіліп болған соң, қонақ жайға барып, жазушы шығармашылығы жайлы әңгіме-дүкен құрдық. Мен алдын-ала дайындап барған сұрақтарымды қойып жатырмын. Шыны керек, драматургиясы туралы диссертация жазып жатқандықтан ба, жазушының пейілі жақсы болды.

Диссертация қорғайтын уақытым белгіленген. Автореферат шығарғанмын. Авторефератымды алып жазушының үйіне тағы бардым. Сөз арасында: «Аға, мүмкіндік болса, пікір жазып беріңіз» деймін ғой баяғы. «Шешінген судан тайынбас» дегендей, ештеңеден тайынатын түрім жоқ. «Кейінірек келерсің, жұмысыңды қарап шығайын» деді. Араға үш-төрт күн салып жазушының үйіне тағы бардым. «Қағаз-қаламыңды ал, жаз, мен айтып отырамын», - деді. Жазушының үнінде бір жайлылық бар екен. Ол айта бастады, мен жылдам жазып отырмын. Кейін машинкаға бастырып әкелдім. Қолын қойып берді. Бұл жазушының менің еңбегім жөніндегі ресми бағасы еді.

«Ғылыми ізденуші Сәмен Оразғалиұлы Құлбарақовтың «Т. Ахтановтың драматургиясы» диссертациялық жұмысы туралы пікір

Диссертация маған ұнады. Автор өз шығармасы туралы ойлағанда, ең алдымен, жетпей жатқан жағын ойлайды. Ал барына онша ой жүгірте қоймайды. Сол себептен де болар, осы диссертацияны оқығанда, өзімнің драматургиямның сырына терең үңіліп, өз жазғандарымды өзім жаңадан танығандай болдым. Диссертацияның басты құндылығы да осындай сипатында болса керек.

Бұрын да әр жерлерде айтылып жүрген (өзімнің драматургиям туралы) пікірлермен таныс едім. Ал мына еңбекте сол үздік-создық айтылған пікірлерді жүйелі бір арнаға салып, терең талдаған. Бұл тұтас еңбек болып шыққан. Диссертацияның екінші құндылығы осы сипатында болса керек.

Үшінші қасиеті автордың өзіндік өзгешелігінің сырын жақсы ашқан. Ол өзгешелік сыр әр пьесаны өн бойында көктеп өтетін психологизм еді. Сол психологизмді диссертант дәл де терең бойлай талдаған.

Төртінші қасиеті бұрын айтылмаған соны орнықты пікірлер диссертацияның өн бойында есіп отырады. Ол, әсіресе, «Сәуле», «Ант», «Әке мен бала» пьесаларын талдаған тұстарда айқын көрінеді. Пьесалардағы кейіпкер тілдерін, ақ өлеңді талдауда қызғылықты жемісті шыққан. Сын да әдебиеттің бір жанры ғой. Әдебиет дегенде қай жанры болмасын ең алдымен тіл факторы тұрады ғой. Сол тұрғыдан алғанда тілі жатық, оқуға да, ұғынуға да жеңіл. Терең ғылыми ұғымды ауырлатпай, әсерлі тілмен бере алған. Диссертация шын мәнінде ғылыми зерттеу болып шыққан.

Халық жазушысы Тахауи Ахтанов. 28 желтоқсан 1993 жыл».

Бұл пікір сол кезде мен үшін өте бағалы және қажетті еді. Арқамды тауға тірегендей қуат алдым. Алдыңғы келгенімде, диссертацияның авторефератына қолтаңба жазып берген. «Сәмен ініме! Әдебиеттің сырына көңіл көзімен терең бойлай беруіңе тілектес көңілден Тахауи. 23 желтоқсан 93 ж.» деген. Бұдан артық не керек! Сынға түсер, сыналар шағында мұндай демеуді екінің бірі көрмеген шығар. Тахауи дарқан ағадан мен көрдім.

Сөйтсем, бұл әлі жеткіліксіз екен. «Аға, 7 қаңтар 1994 жылы кандидаттық диссертациямды қорғаймын, қатысыңыз. Мүмкіндігіңіз болса, сөйлеңіз», - дедім. Мұным тым артықтау болды. «Барамын, қатысамын», - деді.

7 қаңтар 1994 жыл, сағат 10-ның енді болайын деп жатқан кезі. Ұлттық ғылым академиясы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директорының кең кабинеті. Бәріміз қарбаласып жүрміз. Ғалым-хатшы, қазіргі филология ғылымдарының докторы, профессор, Қорқыттанудың білгір маманы Шәкір Ибраев айрықша қарбалас үстінде. Атақты әдебиеттанушы профессорлар, Ғылыми кеңес мүшелері жиналып жатыр. Бірінші кезекте академик Серік Қирабаевтың ғылыми ізденушісі, сол кезде Әдебиет институтында ғылыми қызметкер болып істейтін, белгілі ақын Шөмішбай Сариев қорғайтын болып дайындалып жүр. Тақырыбы – XX ғасырдың басындағы лирика. Диссертациясының басым бөлігі Мағжанның әйгілі лирикасына бағытталған. Қорғау уақыты болып қалған. С. Қирабаев ағамыз емханада екен де, Ғылыми Кеңесті филология ғылымдарының докторы, профессор Мүсілім Базарбаев жүргізетін болған. Бір кезде есік айқара ашылып, ақ селеу шашы көзге оттай басылып Тахауи Ахтанов кіріп келе жатты. Ғылыми Кеңес мүшелері орнынан жапа-тармағай көтеріліп, «Оу, Таха!...» деп жан-жақтан қауқылдасты. Академик Зейнолла Қабдолов

Таханды құшақтап, жылы, әдемі сөздерін төгіп жатыр. Ғылыми Кеңесті жүргізуші Мүсілім Базарбаев дереу шешім қабылдады. Бірінші – «Тахауи Ахтановтың драматургиясы» бойынша диссертацияны мен қорғайтын болдым.

Ғалым-хатшының таныстыруынан соң, диссертация қорғауды бастап кеттім. Алдында іштей толқып, абыржып жүргенмін. Неден бастаймын, немен аяқтаймын. Енді, міне, алдымда қақырадай болып, тау-тұлға Тахауи Ахтанов отырғанда, арқамды алып тауға тірегендей, қуат-күш пайда болды. Екі жыл көз майымды тауысқан жұмыстың басты тұжырымдарын баяндай бастадым...

Диссертация қорғалып болған соң, Тахауи ағамыз қарсы беттегі директордың орынбасары кабинетіне барды. Ол кездегі дәстүр бойынша шағын дастарқан дайындалған болатын. Ғылыми Кеңес мүшелерінің біраз мықтылары қопарыла көтеріліп, Тахаңның жанынан табылды. Тахаң айтқан әдебиеттің келелі мәселелері орынбасар кабинетінің түңлігін желпілдетіп тұрды... Академик Зейнолла Қабдолов «жылқының майы» деп атаған күрең коньяк баппен ішіліп жатты... Өзіл-қалжың, небір қызық әңгімелер түйдек-түйдек ақ қайнар боп ағытылды...

Қандай дарқан, кең заман еді деп ойлайсың қазір. Зейнолла ағамыз көтермелеп сөйлегенде, кейде өзіңді-өзің танымай қаласың. Шөмішбай ағамыз диссертациясын қорғап болған соң, барлығы дүр көтеріліп Шөмішбай ағамыздың үйіне барды. Бірігіп дастарқан дайындағанбыз. Дастарқанды Шөмішбай ағамыз өзі басқарды. Төрде отырған Тахауи мен Зейнолла ағамыз әңгіме-дүкенді қыздырды. Өзіл-қалжың ақтарылды. Ертеңіне Шөмішбай ағамыздың айтатыны ғой: «Мен бүгін ғылым кандидаты болып ояндым» деп.

Ахтанов биігі әдебиетте дара, оқшау көрінеді.



Білім мен ғылым беру жолында профессор Сәмен Оразғалиұлының марапаттары



АЛҒЫСХАТ

5 қыркүйек –Қазақстан халқы тілдері
күніне орай.

Тараз қ., 2023 жыл



Ғылымды дамытуға
сіңірген еңбегі үшін «Төсбелгі»
Астана қ. 2023 ж. 11 сәуір



«Д.А.Қонаев 110 жыл»
мерекелік медалі.
Тараз қ., 2022 ж. 13 тамыз

АЛҒЫСХАТ
Шерхан Мұртазаның 90
жылдығына арналған
конференция.
2022 жыл



АЛҒЫС
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Нұр-Сұлтан қ.
2021 ж. 8 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
АЛҒЫС ХАТЫ
«Тіл туралы» Заңның шыққанына
30 жыл толуына орай.
Нұр-Сұлтан қ., 2019 жыл





ДИПЛОМ
Жамбыл облысы әкімінің
«TIL JANASHYRY» жұлдесі
Тараз қ., 2019 жыл

«Облысқа сіңірген еңбегі үшін»
белгісімен марапатталды
Тараз қ., 2019 ж. 11 желтоқсан



ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ
Қазақстан халқы тілдері күні кәсіби
мерекесіне орай
Тараз қ., 2018 жыл 17 қыркүйек

ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ
Қазақстан Республикасының
Тәуелсіздік күніне орай
Тіл саласын дамытуға қосқан үлесі
үшін.
Астана қ., 2018 жыл



КУӘЛІК
«Жамбыл облыстық ардагерлер
ұйымына-
30 жыл»
мерекелік медалі.
Тараз қ., 2017 ж. 5 сәуір

ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ
Білім саласындағы көп жылғы
еңбегі үшін
Тараз қ., 2017 ж. сәуір





МЕРЕКЕЛІК МЕДАЛІ
«Қазақстан Республикасының
Тәуелсіздігіне 25 жыл».
Астана қ., 2016 ж. 29 қараша

Аймақтық Менеджмент
Академиясының Академигі.
Павлодар қ.,
2014 ж. 27 қантар



БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«Профессор» ғылыми атағы
берілді.
Астана қ. , 2011 ж. 13 мамыр

БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Филология ғылымдарының
«Докторы» ғылыми атағы берілді.
Астана қ., 2007ж. 28 маусым



ФОТОШЕЖІРЕ



*Халық жазушысы,
ақын Шерхан Мұртаза,
профессор С. Құлбарақ*

*Шығыстанушы, дінтанушы,
жазушы
Әбсаттар қажы Дербісәлі,
профессор С. Құлбарақ*





*Абайтанушы, ғалым
М.Мырзахметұлы,
ақын М.Шахановпен бірге.*

*Жамбыл облысы әкімінің
«TIL JANASHYRY» жүлдесі.*



*М.Х.Дулати атындағы
Тараз мемлекеттік
университетіндегі кездесу.*



*Ақын Қайырбек Асанов,
Профессор Сәмен Құлбарақ
110 томдық «Тараз мұралары»
көптомдық кітабының
таныстырылымы.
Тараз қ., 2020ж.*

*Профессор Сәмен Құлбарақтың
балалық шағы*



*Профессор С. Құлбарақтың
студенттік шағы*

*М.Х.Дулати атындағы ТарМУ
ректоры М.Н.Сарыбековтың
Ұлпан Сәменқызын марапаттауы*



**Филология ғылымдарының докторы, профессор
Сәмен Оразғалиұлы Құлбарақтың ғылыми еңбектерінің
хронологиялық көрсеткіші**

1. Құлбарақ С. Т.
Ахтановтың прозасы мен драматургиясы. Монография.- Алматы:
«Дарын» баспасы, 2023.- 362 б.
2. Құлбарақ С.
Әдеби бейне және оның жасалу жолдары. Көмекші оқу құралы. -
Алматы: ТОО Лантар Трейд, 2021. - 91 б.
3. Құлбарақ С.
Уақыт және әдебиет. Әдеби зерттеулер, ой-толғамдар.- Алматы: ТОО
Лантар Трейд, 2021.- 308 б.
4. Құлбарақ С.
М.Х.Дулати: тарихи-рухани сабақтастық [Мәтін] : оқу құралы / С.
Құлбарақ. - Тараз : Тараз университеті, 2018. - 275 б. - ISBN 978-9965-37-
163-9.
5. Құлбарақов С.
Әдеби шығармашылық. Оқу құралы/ С.Құлбарақ- Тараз : Тараз
университеті, 2016.-165 б.
6. Құлбарақ С.
Жалғасы сүлейлердің Сырда туған...Шығармашылық портрет эскиздері.-
Тараз: «Қарахан» РБО, 2016.-174 б.
7. Құлбарақ С.
Ұлттық рух және поэзия. Зерттеу, ой-толғам.- Алматы: «Таймас» баспа
үйі, 2016. - 112 б. («Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып
шығару» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді).
8. Құлбарақ С.
Тахауи Ахтановтың көркемдік әлемі: прозасы мен драматургиясы.
Монография.- Алматы: Экономика, 2013.- 366 б. (ҚР Жоғары оқу
орындарының қауымдастығының шешімімен).

9. Құлбарақов С.
Тахауи Ахтанов шығармашылығы. Оқу құралы.- Түркістан: ХҚТУ
баспаханасы, 2004 .- 174 б.
- 10.Құлбарақов С.
Шығарма көркемдігі. Әдеби зерттеу, сын мақалалар.- Тараз: ТарМУ,
2000. -113 б.
- 11.Тараз мұралары.-Тараз: «Galaxy» баспасы, 2019.
Т.22. Жүсіп Баласағұн «Құтты білік».1 кітап/ Құраст. С.О.Құлбарақ.-
2019.-304 б.
- 12.Тараз мұралары.-Тараз: «Galaxy» баспасы, 2019.
Т.23. Жүсіп Баласағұн «Құтты білік». 2 кітап / Құраст. С.О.Құлбарақ.-
2019.-304 б.
- 13.Тараз мұралары.-Тараз: «7Su-Companu» баспасы, 2019.
Т.31. «Ұлы тұлғалар Бөлітірік шешен»/ Құраст. С.О.Құлбарақ.-2019.-
308 б.
- 14.Тараз мұралары.-Тараз: «7Su-Companu» баспасы, 2019.
Т.33. «Ұлы тұлғалар Жамбыл» / Құраст. С.О.Құлбарақ .-2019.-300 б.
- 15.Тараз мұралары.-Тараз: «Galaxy» баспасы, 2019.
Т.35. «Ұлы тұлғалар Шерхан Мұртаза»/ Құраст. С.О.Құлбарақ.-2019.-
304 б.
- 16.Тараз мұралары.-Тараз: «7Su-Companu» баспасы, 2019.
Т.36. «Халық шығармашылығы туралы зерттеулер» / Құраст. С.О.
Құлбарақ .-2019.-304 б.
- 17.Тараз мұралары.-Тараз: «7Su-Companu» баспасы, 2019.
Т.37. «Халық шығармашылығы туралы зерттеулер».1 кітап / Құраст.
С.О.Құлбарақ.-2019.-304 б.
